



Қазақстандағы Goethe-Institut неміс тілі курсына арналған стипендия байқауы

Қазақстандағы Goethe-Institut неміс тілін кез келген деңгейде (A1–C2) онлайн немесе офлайн форматта оқуға арналған стипендия байқауын жариялайды.

Бұл бастама бүгінде Германияның мемлекеттік қызмет саласында жұмыс істейтін қазақстандық қыздар — Маншук пен Сымбаттың жетістік тарихтарынан шабыт алды. Олардың мысалы неміс тілін меңгеру жаңа кәсіби және жеке мүмкіндіктерге жол ашатынын көрсетеді.

Goethe-Institut ретінде біз Қазақстан әйелдерін қолдап, олардың кәсіби және тұлғалық дамуына үлес қосқымыз келеді. Біз жаңа тілдерді үйрену халықаралық білімге, мансаптық мүмкіндіктерге және мәдениетаралық тәжірибеге жол ашады деп сенеміз.

Байқау жеңімпаздары Қазақстандағы Goethe-Institut неміс тілі курсына онлайн немесе офлайн форматта тегін оқу мүмкіндігіне ие болады.

Кім қатыса алады?

Байқауға:

- жасы 18-ден асқан,
- неміс тілін үйренуге ынталы,
- неміс тілін кәсіби, академиялық немесе жеке даму мақсатында қолданғысы келетін,
- курсқа тұрақты әрі белсенді қатысуға дайын Қазақстан әйелдері қатыса алады.

Қатысу шарттары

Байқауға қатысу үшін мотивациялық хат жіберу қажет.

Мотивациялық хат:

- 300–500 сөзден тұруы,
- жеке әрі өз бетінше жазылуы (жасанды интеллект қолданылмауы),
- келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс:

Неміс тілі курсынан өту мүмкіндігін қалай пайдаланар едіңіз?

- Неміс тілі дағдылары сіздің кәсіби болашағыңызға қалай әсер етуі мүмкін?
- Неліктен сізге стипендия берілуі керек?
- Неліктен стипендияны дәл сіз алуыңыз керек?

www.goethe.de

**GOETHE
INSTITUT**

Sprache. Kultur. Deutschland.



Жеңімпаздарды іріктеу

Жеңімпаздарды қазылар алқасы келесі критерийлер бойынша анықтайды:

- мәтіннің анықтығы,
- мотивация және мақсатқа ұмтылу,
- тілдік білімді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі.

Өтінім беру мерзімі

Мотивациялық хатты **07.06.2026** дейін келесі электрондық поштаға жіберу қажет:

aruzhan.beisenbayeva@goethe.de

Хат тақырыбында міндетті түрде көрсетіңіз:

«Тіл курсына арналған шәкіртақы байқауы – [аты-жөніңіз]»

Жеңімпаздар **15.06.2026** дейін электрондық пошта арқылы хабарландырылады.

Сұрақтар бойынша:

aruzhan.beisenbayeva@goethe.de

www.goethe.de

**GOETHE
INSTITUT**

Sprache. Kultur. Deutschland.